

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

## **Азаттық жолында қыршын кеткен боздақтар**

Кеңес одағын, соның ішінде Қазақстанды да жайпап өтіп, ұлттың сүт бетіне шыққан қаймағын қалқып алған 1937-1938 жылғы зұлмат репрессияның өткені күні кеше ғана еді. «Халық жауларын», «Ұлтшылдарды» түп-тамырымен құртып, НКВД жендеттері қан сасыған жеңін жаңа құрғата бастаған. Кенет... 1941 жылы Орал педагогикалық институтының 17 жастағы студенті Ғұбайдолла Әнесов бастаған өндірдей 14 жас тарих сахнасына шықты. Олардың мақсаты – ұйымның аты айтып түрғандай, қазақ халқын қорғау болатын.



1941 жылы желтоқсан айында Батыс Қазақстан облысында кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліс үйымдастырып, Қазақстанды одан бөліп алуды жоспарлаған антикеңестік үйым мүшелері әшкереленіп, қамауға алынды. Тергеу құжаттарына қарағанда, Екінші дүниежүзілік соғыс басталардан сәл ғана бұрын Батыс Қазақстан облысының Фурманов (Жалпақтал) ауданында «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» деген атпен құрылған жасырын үйым жеті ай өмір сүрген. 17 мен 23 жас аралығында өрімдей жастардың арасында Орал педагогикалық институтының 6 студенті бар еді.

Ұйым басшысы Ғұбайдолла Әнесов небәрі 17 жаста еді. Ол 1943 жылы 19 жасында Орал қаласындағы НКВД түрмесінде атылған. Қалған 13 адам да сottалып, түрлі мерзімге түрмеге қамалды. Бірқатары сол қуғында жүріп қайтыс болды.

Қылышынан қан тамған қызыл империяға қарсы көзсіз ерлікке барған оғландардың есімін елі, үрпағы ұмытпауға тиіс. Олар: Ғұбайдолла (Ғұбаш) Әнесов, Сейітқали Бажекенов, Сәтқали Молдағалиев, Ғұмар Тұрымов, Сайдолла Шорабаев, Мұхамбетжан Нұралин, Иғали Мұхамбетқалиев, Мәззап Әлиев, Мәннап Ахметов, Қамал Мақұлбаев, Сундетқали Қаражанов, Өтеген Аманов, Қайырғали Сапаралин, Иманғали Насыров.

## Ұйым қалай құрылды?

Тергеу құжаттарына қарағанда, «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» 1941 жылғы қыркүйек айының соңына таман Фурманов поселкесінде құрылған. Ғубайдолла Әнесовтің жауабында одақты негіздеу үшін

ұйымға қатысатындардың жалпы жиналысын өткізбей, әуелі Сатқали Молдағалиев екеуі ақылдасқаны, оған «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» деген ат беруді үйғарғаны айттылады. Бұл шешімді Сейітқали Бажекеновке, Ғұмар Тұрымовқа, Мәззап Әлиевке айтқан, олар ұсынысты толық қолдаған.

Алайда Ғұбайдолла Әнесовтің өмірбаянына, тағдырына көз жіберсек, кеңес өкіметіне деген наразылық, құрес тарихы тереңде жатқанын байқаймыз. Арнаулы органдардың архивінде сақтаулы жатқан осы іспен толық танысып, сараптама еңбек жазған оралдық тарихшы, тарих ғылымдарының кандидаты Жаңабек Жақсығалиев осы жайтқа тоқталған.

«1936 жылы Фурманов (қазіргі Жалпақтал) поселкесінде 14 жастағы Әнесов Ғұбайдолланың отбасымен бірге сол кездегі Фурманов аудандық атқару комитетінің іс жүргізушісі болып қызмет атқарған 25 жастағы Сатымов деген туысқаны тұрған. Жасөспірім Ғұбайдолланың саяси көзқарасының жетілуіне осы азаматтың әсері болғандығын айыпталушы Әнесовтің жауаптау хаттамаларынан аңғаруға болады. Алайда Сатымов құрт ауруына шалдығып, көп ұзамай сол 1936 жылы дүниеден өткен. Ауруы әбден асқынған ол бақи өмірге аттанар алдында Ғұбайдолланы өзіне шақырып алғып, саналы ғұмырын қазақ халқын орыстың бұғауынан босату жолына арнағандығын айтЫП, мектеп оқушысы – Ғұбашты кеңестік билікке қарсы ұйымдасқан құреске бағыштап, Қазақстанды КСРО-дан бөлуге әрекет жасау керектігін өсietеткен. Сатымовтың бұл өсietетін жаттап қалған зерек бала ержете келе, айтылған әңгіменің саяси астарын жете түсіне бастайды. Бұл жерде азамат Сатымов сол жылдардағы кеңес өкіметіне қарсы ұйымның мүшесінің бірі болды ма еken деген де ой келеді. Бірақ мұрағат құжаттарымен толық танысқан біз Сатымов туралы басқа ешқандай мәлімет таба алмадық» деп жазады Жаңабек Жақсығалиев.

Ғұбайдолла Фурманов орта мектебінде оқып жүргенде 1940 жылға дейін кеңес өкіметіне қарсы пиғыл көрсетпеген. Бірақ 1940 жылдың орта шенінен бастап өз көзқарасын кіlt өзгертуін. «Қазақстан КСРО құрамынан бөлініп, оның Түркия, Иран, Ауғанстан, т.б. елдер сияқты дербес мемлекетке айналуы үшін, кеңес үкіметіне қарсы құрес жүргізу керек» деген ой қалыптаса бастаған. Осы көзқарасын ол алғаш рет Сейітқали Бажекеновпен бөліскең. Өзімен бір мектепте оқитын 8-сынып оқушысы Иманғали Насыров та осы пікірге келеді. Сөйтіп, олар партия мен өкіметтің ұлт саясаты ұлтты жоюға бағытталған деп шешеді. Г.Әнесов былай дейді: «Біздің пікірімізше Қазақстанда дербес мемлекет болған жоқ, бәріне орыстар билік жүргізіп келеді. Осындай тұжырымға келген соң біз КСРО-дан бөлініп, қазақтың дербес мемлекетін құру үшін кеңес өкіметіне қарсы қарулы құрес жүргізу керек деген шешімге келдік. Кешікпей оқу жылы аяқталып, Насыров «Талдықұдық» кеңшарындағы

ата-анасына жазғы демалысқа кетті (ҰҚҚ БҚОБМ, №П 3545, іс №3789, т.2, 156- парап).

1940 жылғы тамыз айының басында Насыров каникулдан келген соң үш дос бір мезгілде Оралдағы мұғалімдер институтына түсуге сөз байласады. Сөйтіп, олар 1940 жылғы 19 тамызда Оралға келіп, Әнесов физика-математика, Насыров пен Бажекенов тарих факультетіне студент болып қабылданған. Осы кезде Ғұбаштың жақсы танысы Қамал Мақұлбаев та Фурмановтан келіп, Оралдың гидротехникумына оқуға түсken.

Көп ұзамай үкіметтің ақылы оқуды енгізген жарлығына сәйкес Насыров пен Бажекенов 1940 жылы 6 қазанды ауылға қайтатын болып, оларды Әнесов пен Мақұлбаев вокзалдан шығарып салған. Жолдастарының көзқарасын мақұлдаған Қамал антикеңестік жұмысқа өзінің де белсенді атсалысатынын білдірген. Бірақ ол да сол жылғы қарашада гидротехникумдағы оқуын тастанап, ауданға кетіп қалған.

Өз мұдделестерінен оқшауланып қалған Ғұбаш жаңа пікірлестер тауып, жұмысын одан әрі жалғастыруды көздейді. Осыған байланысты мұғалімдер институтының тарих факультетіндегі үздік оқытын Сайдолла Шорабаевпен 1941 жылы сәуірдің бас кезінде жақын әңгімелесе бастайды. Бастапқыда сабак төңірегінде басталған әңгіме кейін партияның ұлт мәселесі жөніндегі бағытын сынауға ұласады. «Мұнан әрі біз Қазақстан экономикасын кеңес өкіметінен бөліп алу жағын ашықтан-ашық қарастыра бастадық. Қазақ халқы, оның тілі мен мәдениеті өркенде мейді, қазақтар ұлт ретінде дамымайды, керісінше жойыла береді деп тұжырымдап, Қазақстанның КСРО-дан бөлінуіне бағытталған кеңес өкіметіне қарсы ұйымдастырылған белсенді күрес жүргізуіді қажет деп шештік», деп жауап берген саяси ұйымның жетекшісі Ғ.Әнесов.

Дәл осы кезде Ғұбайдолланың әрекеті НКВД-ның назарына түсеп бастайды. Сөйтіп, құпия ұйымның ішіне «жансыздар» кіріп кетеді.

Бірақ бұл кезде Ғұбайдолла Әнесов өз идеясына бекем тоқтаған болатын. Сатқали Молдағалиев Ғұбайдолланың мына сөздерін есіне алған: «Маған айтатыны, қазақтардың тұрмысы нашар, көбі жұмыссыз, салықтарды көп төлейді, тіпті үйлері жоқ, жер үйлерде тышқандар сияқты өмір сүреді. КСРО Конституциясында барлық адамның құқығы тең, іс жүзінде көп адамның, соның ішінде – қазақтың құқығы сақталмайды. Үкімет ешқандай кінәсі жоқ сенің атаңды – Молдағалиді қамауға алып, сottап жіберді. Мына үкіметтен не жақсылық көріп жатырсың, жұмысың жоқ, тұрмысың нашар» деген.

Ғұбайдолла осындағы әңгімені Иманғали Насыровқа да айтқан: «Есімде, 1940 жылы қаңтар айының аяғында екеуара әңгімеде кеңес өкіметі кезінде қазақ халқының жағдайы тым ауыр, адам төзгісіз қалыпта, тіпті өмір сүрге қаражат табу қыын екенін дәлелдеуге тырысты. Тіпті патша

заманында да дәл бұлай болмағының айта келе, қазақ халқының мәдениеті мен тілі бүрмаланып жатыр, қазақтар ең соңғы, ең төмен ұл болып саналады, яғни олар адамға саналмайды дегенді айтты. Дәлел ретінде басқаруышы және жауапкершілігі жоғары орындарда тек қана орыстар отырғанын, ал қазақтар қара жұмыс істеп жүргенін мысал қылды. Осыдан кейін Әнесов: қазақ халқы бізге сенеді, бізді зияллылар деп есептейді, сондықтан болашақта біз қазақ халқының мұддесін қорғауымыз керек, ал ол үшін үйім құрып, КСРО-дан Қазақстанды бөліп алу бағытында үйімдасқан түрде күрес жүргізіп, дербес қазақ мемлекетін құру қажет» деген екен.

### **«Дербес қазақ мемлекеті болсын!»**

Өз пікірлестері мен жақтастарын көбейткен Ғұбайдолла Әнесов бастаған топ енді нақты іс-әрекетке кірісе бастайды. Тергеу құжаттарына қарағанда «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» контреволюциялық ұлтшыл үйімінің алғашқы отырысы 1941 жылы қыркүйектің алғашқы күндерінде аудандық емханада өткен. Құпия жиналысқа Ғ.Әнесов, С.Бажекенов, Ғ.Тұрымов, М.Әлиев, И.Мұхамбетқалиев қатысқан. Терезені әртүрлі киіммен қымтап, жиналысты С.Бажекенов ашып, сөзді Ғ.Әнесовке берген. Жиналыста қарулы көтерілісті қалай үйімдастыру жайы сөз болған. Үйім мүшелері, Мәннап Ахметов пен Қайырғали Сапаралин, т.б әскерге аттанатын күні, шақыру қағазына ие болған 150-дей жігітті қарулы көтеріліске жұмылдыру жоспарын талқылаған. Әскери комиссариат әскерге шақырылғандарды Александров Гай стансасына дейін шығарып салатынын білген олар, жалпы жағдайды талдай келе әскерге шақырылғандарды аудан орталығын басып алуға пайдаланбақшы болып үйғарады. Жынға қатысушы үйім мүшелері әскерге аттанғандарды «Красный партизан» кеңшары тұсында салт атпен қуып жетіп, жоспарын қарулы жолмен жүзеге асырмақшы болып келіседі. Бір сағатқа созылған жиналыста осындей мәселелер жоспарланады. Алайда әскерге аттанушылардың күні өзгергендіктен, көтеріліс жасау мәселесі аяқсыз қалған.

1941 жылғы қыркүйек айының екінші жартысында Ғұбаш үйім мүшелері Молдағалиевке, Бажекеновке және Тұрымовқа қазақ халқына үндеу жасайтын контреволюциялық үнпарақ жасап шығарудың қажеттігін айтады. Үнпарақтың жобасын жазып, оны ауыл сыртындағы иесіз жер үйде талқылайды. Оған Молдағалиев, Бажекенов, Әлиев және Әнесов қатысқан. Талқылау бірнеше күнге созылған.

Үйімның тағы бір жиналысы 1941 жылғы қараша айында Сәтқали Молдағалиевтың сарайында болған. Бұл жиналысқа Әнесов, Бажекенов, Молдағалиев, Құлбасов және Әлиев қатысқан. Ғұбаш Оралдан келген Құлбасовқа (бұл адам үйім ішіне кірген сатқын тыңшы болатын)

Бажекеновті, Молдағалиевті және Әлиевті таныстырып, үйым мүшелерінің рухын көтеру үшін Құлбасовты жақсы қызметкер ретінде мадақтаған. Сол күнгі жиналыста тәртіп, мүшелік билеттерді басу, үйымның мүшелік жарнасы және Молдағалиевті казначей етіп сайлау мәселелері қаралды. Бір сағатқа созылған жиналыста аталған шаралар жүзеге асып, әуелі Әнесов, сосын басқалары сөз сөйлеген.

1941 жылы үйым мүшелері Қазақстан өкіметінің басшыларына антикеңестік мазмұнда хат жазу туралы бір шешімге келеді. Кейін хатты көбейту мәселесі туады. Бұл мақсат үшін баспаҳаналық қаріптер мен бояуды ерте дайындалап, жәшік ішінде жасырып, қазақ зиратында сақталған. Жасырын баспаҳанада «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» үйымының мүшелік билеттері де басылып шыққан. Баспаҳанаға қажетті жабдықтарды, мәселен, қаріптің кірін жууға қажетті керосинді Тұрымов пен Бажекенов беріп отырса, бояуды Әлиев аудандық баспаҳанадан алып отырған.

Алғашқы үнпарақтар терілген соң Әнесов партия мен кеңес өкіметінің жекелеген басшыларына хат жазу жолын ойлай бастайды. Бұл жөнінде әуелі Молдағалиевпен, сосын Бажекенов және Тұрымовтармен ақылдасады. Шамамен 1941 жылдың 9-10 қарашасында Сәтқали Молдағалиев екеуі Ғұбаштың үйінде хат жазуға кіріседі. Сонымен КСРО Жоғары Кеңесі президиумының төрағасына, КСРО Халық комиссарлары Кеңесінің төрағасына және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі президиумының төрағасына үш хат жазылады. Алғашқы екі хатты Молдағалиев жазса, соңғы хатты Әнесов қазақ тілінде жазған. Хаттың жазылған уақыты 9-10 қараша болса да, олар саяси жағынан тиімді болады деген есеппен 7 қараша, яғни Қазан төңкерісінің 24 жылдығы күні жазылды деп белгілеп, Қазақстанды бөлу жөніндегі талаптарын осы күнге сәйкестіреді.

Хаттың мәтіні:

«КСР Одағы Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы М.И.Калинин жолдасқа қазақ халқынан достық салем.

Біз «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» үйымының мүшелері қазақ халқының атынан осы хатты жолдай отырып, мынадай талаптілектерімізді білдіреміз. Қазақ халқы КСРО Конституциясына сәйкесті дербес қазақ мемлекеті болып бөлінгісі келеді.

Оның себебі, орыстандыру саясатына байланысты қазақ тілі, қазақ халқының мәдениеті мен халықтың құқығы аяққа басылды. Қазақтар қазір құл сияқты тұрып жатыр. Құні-тұні жұмыс жасайды. Өнімді аз алады. Оны да мемлекетке береді. Кінуге түк қалмайды.

Қазақ халқының орыстардан бөлінуін սұраймыз. Егер бұл талаптарымыз орындаалмаса, халық отанның дербестігін амалсыздан қолына мылтық алып қорғауға шығады. Жауапты осы жылдың 1 желтоқсаны күні «Правда» газеті мен радиодан күтеміз.

ГАКСИМ 7/11-41 жыл.»

«ГАКСИМ» деген қол Ғұбаш Әнесұлы Көшеков, Сәтқали Иманғалиұлы Молдағалиев деген ұғымдарды беретін еді. Қалған екі хатта олар есімдерін әдейі түсініксіз етіп жазған.

Бұл хаттар тиісті мекенжай жазылып, пошта арқылы жіберілген.

Ұйым өз жұмысын нығайта беру үшін ұйым мүшелерін жекелеген аудандарға бөлген: Әнесов – Фурманов ауданына, Бажекенов – Жәнібек ауданына, Құлбасов – Жымпіты, Нұралин – Жаңақала ауданына баруға тиіс болған. Қазталов ауданына бару Қамал Мақұлбаевқа жүктелді. Адамдарды аудандарға бөлу шамамен 1941 жылғы қараша айының соңына таман жүргізілген. Мақсат – 1942 жылы сәуірдің басында Батыс Қазақстан облысының бірқатар ауданында әскери көтеріліс үйымдастыру. Осыған қажетті Батыс Қазақстан облысының жағрафиялық картасын Байтұрған Әбліхайыров есімді азаматтан алған. Барлық ауданда көтерілісті бір мезгілде бастау үшін шартты түрде хабар беруге келіскең. Мысалы, Ғұбайдолла Әнесов көтерілісті 1942 жылдың 5 сәуірінде бастайтын болса, «Мениң үйлену тойым 5.IV.42 жылы болады» деген жедел хат жолдауға келіскең. Ғұбайдолла Әнесов Фурманов, Жәнібек және Жымпіты аудандарында көтерілісті бір мезгілде бастауға тырысқан. Көтеріліс уақытын 1 сәуір деп белгіледі. «Бұл кезде жер өте лайсаң, машина жүре алмайды, ал көтерілішілер салт атпен шығады» деп жоспарлаған. Ұйымды қаржыландырудың төте жолы ретінде банкіні тонау да ойластырылған еді.

Бірақ балғын боздақтар әзірлеген барлық жоспар сәтсіз аяқталды. 1941 жылы 21 желтоқсанда НКВД ұйым мүшелерінің бәрін тұтқындағы. Ұйымның ішіндегі жансыз арқылы барлық жоспарды алдын ала біліп отырған НКВД облыстық әскери комиссариатпен келісіп, жалпақталдық жастарды соғысқа алуға әдейі асықпайды. Әбден іздерін аңдып, қолға түсіреді.

\* \* \*

Бір жылдай тергеп-тексеруден кейін Ғұбайдолла Әнесов КСРО НКВД жанындағы айрықша кеңестің шешімі бойынша ату жазасына кесілді. Үкім 1943 жылы қаңтар айында орындалған. РСФСР Қылмыстық кодексінің тиісті баптары бойынша ұйым мүшелері С.Бажекенов, С.Молдағалиев, Ф.Тұрымовтар – 10 жылға, С.Шорабаев, М.Нұрәлин, И.Мұхамбетқалиев – 8 жылға, қалғаны 5 жылға бас бостандығынан айырылды. Қ.Сапаралин 1942 жылдың 7 желтоқсанында НКВД қызметкерлерінің соққысынан қаза тауып, ісі тоқтатылады. Соған қарамастан оны да бес жылға соттап жіберген.

Бұл азаматтардың кейбіреулері айдауда жүріп қайтыс болды. Олар Сібірде Карлаг пен Колымада азап шекті. Жазасын өтеген соң да ұйым мүшелерін қайтадан Қызыр Шығысқа жер аударып жіберді. Кеңес өкіметі оларды ғұмыр бойы саяси тұтқында ұстады. Тек еліміз егемендік алғаннан кейін ғана 14 боздақ ақталды. Қазақстан Республикасының бас

прокуратурасы 1993 жылдың 26 ақпанында аталған қылмыстық іс бойынша арнайы қорытынды жасап, «Қазақ халқын қорғаушылар одағының» барлық мүшесін толық ақтады.

\* \* \*

Әртеңге шыққан гүлдей жарқ етіп шығып, аз күн жайқалған «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» мүшелерінің тағдыры осындай болды. КСРО кезінде жабулы жатқан бұл тарихты алғаш қозғаған – журналист Амангелді Шахин «Сол бір сүргін», «Қорғаймын деп қазақты» атты тарихи-деректі кітап жазды. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мұнайдар Балмолданың «Он төрт» атты тарихи романы жарық көрді. Оқиғаны ғылыми тұрғыдан сараптаған ғалым Жаңабек Жақсығалиевтің еңбегін осы мақаламызда кеңінен баяндадық. Батыс Қазақстан облысында Жалпақталдағы жасырын жастар үйыми туралы насиҳат жұмысы жеткілікті дәрежеде деп айта аламыз. Алайда ел басына күн туған қыын кезде халқын қорғауға ұмтылған жалынды жастардың тарихын күллі қазақ білуі тиіс. Тәуелсіздік күні қарсаңында осы тақырыпты жаңғыртқан мақсатымыз да сол еді.

**Қазбек ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ**